

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2013 жылдың 08 қаңтарындағы
№ 1 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2014 жылдың 10 ақпанынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің DMA жүйелеріне және оларды пайдалануына қойылатын **ТАЛАПТАР**

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі № 103 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Талаптар "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 28 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілген, Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын беру ережелеріне сәйкес әзірленіп, Биржа мүшелерінің DMA¹ жүйелеріне, сондай-ақ Биржа мүшелерінің өз DMA-клиенттеріне² бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын беру шарттары мен тәртібін анықтайды.

1. Биржа мүшесінің пайдаланатын DMA жүйесі:

- 1) DMA-клиенттеріне нақты уақыт тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінен (осы Талаптардың 2 тармағында белгіленген, талаптарды ескеріп):

Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналыста жүрген қаржы құралдары туралы (мәміле жасауға қолданыстағы өтінімдеріне сәйкес және жасалған мәмілелер) туралы мәліметтерді;

Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналыстағы қаржы құралдарының сауда-саттығының барысы және нәтижелері туралы мәліметтерді таратуы тиіс;

- 2) DMA-клиенттеріне:

клиенттік тапсырыстарды қалыптастыруға;

Биржа мүшесіне клиенттік тапсырыстарды тіркеу, тексеру, анықтау, есепке алу және орындау процедураларын жүзеге асыруына қажетті электрондық түрдегі клиенттік тапсырыстарын жөнелтуге;

Биржа мүшесіне клиенттік тапсырыстың нақты берілген уақытын тиянақтауға мүмкіншілік беруі тиіс;

- 3) Биржа мүшесінің DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген клиенттік тапсырыстары негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәміле жасауға өтінімдер қалыптастыруға және Биржаның сауда-саттық жүйесіне осындай өтінімдерді беруге мүмкіншілік беруі тиіс;

- 4) DMA-клиенттеріне нақты уақыт тәртіптемесінде (осы Талаптардың 2 тармағында белгіленген, талаптарды ескеріп):

тіркеу, тексеру, анықтау және орындауға жататын, клиенттік тапсырыстарының мәртебесі туралы;

Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және DMA жүйесімен қалыптастырылған клиенттік тапсырыстар негізінде тіркеген өтінімдердің мәртебесі туралы;

аталған өтінімдердің негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған, мәмілелердің мәртебесі мен растау кезеңдері туралы;

мәмілелердің орындалуы немесе орындалмау себептері туралы;

¹ Биржалық кеңестің шешімімен (2013 жылдың 28 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілген, Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын беру ережелеріне сәйкес, DMA жүйесі – Биржаның сауда-саттық жүйесімен өзара әрекеттесетін және DMA-клиенттерінің клиенттік тапсырыстары негізінде қалыптастырылған, өтінімдер негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға арналған, Биржа мүшесінің бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені.

² Биржалық кеңестің шешімімен (2013 жылдың 28 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілген, Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру рұқсаттамасын беру ережелеріне сәйкес, DMA-клиент – Биржа мүшесі өз атынан немесе өз клиентінің атынан және/немесе оның тапсырмасымен және/немесе оның мүддесіне Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасу үшін DMA жүйесін қолдануға ниеттенген немесе қолданатын, Биржа мүшесінің клиенті.

- жайғасымдар және/немесе Биржаның сауда-саттық жүйесінде өтінім беруге және/немесе мәмілелер жасасуға қолданыстағы (толық немесе жартылай) қамтуы туралы дәл мәліметтер ұсынуы тиіс;
- 5) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, DMA-клиенттеріне Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және DMA жүйесімен қалыптастырылған клиенттік тапсырыстар негізінде тіркеген өтінімдердің шарттарын өзгертуге, немесе осындай өтінімдерді жоюға мүмкіншілік беруі тиіс;
 - 6) Биржа мүшесіне Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және DMA жүйесімен қалыптастырылған клиенттік тапсырыстарын орындаудан бас тартулар туралы және осындай бас тартулардың себептері туралы³ хабарламаларды қалыптастырып, жолдауға мүмкіншілік береді.
2. Шлюзде және DMA жүйесіндегі DMA-клиентінің жұмыс орнында ақпараттардың жаңартылу сәттерінің арасындағы уақыт аралығы 60 секундтан аспауы тиіс
 3. Осы Талаптардың 1 және 2 тармақтарында белгіленген талаптардан басқа, Биржа мүшесінің пайдаланатын DMA жүйесі DMA-клиенттеріне кем дегенде келесідей шектелімдер орнатуға қол жеткізуі тиіс:
 - 1) бір клиенттік тапсырыстардың максималды көлемі (ақшалай және/немесе қаржы құралының бірлігімен)⁴;
 - 2) клиенттік тапсырыстарда белгіленген, қаржы құралының баға ауытқу шектелімдері⁵;
 - 3) DMA-клиенті өтінімінің қолданыста болуының максималды мерзімі;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасында жәнeм Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, өзге де тыйымдар, шектеулер және айрықша шарттар.
 4. Биржа мүшесі пайдаланатын DMA жүйесінің сипаттамасында келесідей мәліметтер болуы тиіс (бірақ, тек осылар ғана емес):
 - 1) DMA жүйесінің жұмысы мен Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосылу үшін қолданылатын, операциялық жүйесі, мәліметтер базасын басқару жүйесі мен шлюзі туралы;
 - 2) DMA жүйесінің өнімділігі көрсеткіштері туралы, соның ішінде:

Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және DMA жүйесімен қалыптастырылуы және бір секундта Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілуі мүмкін клиенттік тапсырыстардың максималды саны туралы;

Биржа мүшесінің бір серверінде бір уақытта қызмет көрсетілуі мүмкін DMA-клиенттерінің максималды саны туралы;

DMA жүйесінде клиенттік тапсырысты қалыптастыруға және Биржаның сауда-саттық жүйесінде тиісті өтінімді белсендіру үшін қажетті уақыт аралығы туралы;

Биржаның сауда-саттық жүйесінен DMA жүйесіне немесе DMA жүйесіндегі DMA-клиентінің жұмыс орнына ақпарат жолдауға қажетті уақыт аралығы туралы;

шлюзде және DMA жүйесінде DMA-клиентінің жұмыс орнында ақпараттың жаңартылу сәттері арасындағы уақыт аралығы туралы;

³ Мысалы, DMA-клиентінің оған белгіленген шектелімді бұзғаны себебінен, DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде қалыптастырылған, өтінімді жою себебінен, DMA-клиентінің клиенттік тапсырыс негізінде қалыптастырылған өтінімі негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәміленің орындалмауы себебінен.

⁴ Мысалы, Қазақстан Республикасының "Заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастыру және қаржылық ланкестікке қарсы күрес туралы" заңының 4 бабында белгіленген мәндерге сәйкес.

⁵ Мысалы, Биржа мүшесінің өтінімдерін же белгіленген бағаларға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген мәндерге сәйкес.

- 3) DMA жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін, мәліметтерді көшіру, сақтық қорда және мұрағатта сақтау шарттары мен тәртібі туралы;
 - 4) DMA жүйесімен берілетін және қабылдап алынатын мәліметтердің құпиялығын және өзгеріссіздігін қамтамасыз ету үшін DMA жүйесінде қолданылатын электрондық сандық қолтаңба және немесе ақпараттарды қорғаудың криптографиялық жүйелері туралы (осы Талаптардың 5 тармағымен белгіленген талаптарды ескеріп);
 - 5) DMA жүйесін қосуды және оның жұмысын тоқтатуды басқару;
DMA жүйесін Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосуды және DMA жүйесін Биржаның сауда-саттық жүйесінен ажыратуды басқару;
DMA жүйесін Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосылу жағдайын бақылау шарттары мен тәртібі туралы;
 - 6) осы Талаптардың 3 тармағына сәйкес, DMA жүйесінде орнатылатын, шектелімдерді орнатудың және қолданудың шарттары туралы;
 - 7) осы Талаптардың 3 тармағына сәйкес, DMA жүйесінде орнатылатын шектелімдерге;
әр бір жеке DMA-клиентіне қатысты DMA жүйесінде орнатылатын құқықтар, тыйымдар, шектеулер, айрықша шарттарға;
DMA-клиентінің клиенттің тапсырысын өңдеу процедураларының баптауларына өкімшілік ету шарттары мен тәртібі туралы;
 - 8) Биржа мүшесінің DMA жүйесі арқылы алған клиенттік тапсырыстарын тіркеу, тексеру, анықтау, есепке алу және орындау процедураларын жүзеге асыру шарттары мен тәртібі туралы;
 - 9) DMA жүйесі қолдайтын функциялар туралы, мысалы, DMA-клиентіне тікелей кіру рұқсаттамасы берілген бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының секторлары туралы, Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, өтінімдердің түрлері туралы, DMA жүйесі арқылы DMA-клиенттеріне таратылатын (ұсынылатын) жаңалықтар, кестелер, құлақтандырулар (хабарламалар) түрлері туралы;
 - 10) осы тармақта қарастырылған мәліметтердің арасынан кейбіреулеріне түсініктеме материалдар (сызбалар, суреттер, скриншоты);
 - 11) DMA жүйесіне объективті бағасын беруге және оның деңгейінің Қазақстан Республикасы заңнамасының⁶ және Биржаның ішкі құжаттарының нормаларына сәйкестігін бағалауға қолжеткізетін, өзге де мәліметтер.
5. DMA жүйесінде, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, электрондық сандық қолтаңбасын пайдаланған жағдайда, Биржа мүшесі мүдделі тұлғаның бірінші талабымен оған осы қолтаңба және оның тіркеуі туралы куәлікті, сондай-ақ, осындай тіркеуді растайтын, тіркеу куәлігінің көшірмесін танысуға және/немесе көшіріп алуға ұсынуы тиіс.
 6. Биржа мүшесі мен DMA-клиенті арасында жасалатын (жасалған), брокерлік қызметтер көрсету туралы келісім-шартында мынадай нормалар болуы тиіс:
 - 1) Биржа мүшесінің DMA-клиентінің қаржылық жағдайына (тұрақтылығына), DMA-клиентінің жұмыс орнының бағдарламалық-техникалық қамтылуы, сондай-ақ – егер DMA-клиент заңды тұлға болып табылса – DMA-клиентінің инвестициялық

⁶ Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 28 сәуіріндегі № 165 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздардың нарығында қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарға және өзге де жабдықтарға нұсқаулықтың нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2005 ылдың 27 тамызындағы № 317 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережелерінің нормаларына.

декларациясының немесе, инвестициялық артық көрушіліктерін анықтайтын, басқа да құжаттың мазмұнына, DMA-клиентінің тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруына қойылатын талаптар туралы;

- 2) Биржа мүшесінің DMA-клиентіне DMA жүйесінің сипаттамасын және пайдаланушының нұсқаулығын ұсынуы, сондай-ақ осы сипаттамалардың және нұсқаулықтың актуалды күйде ұстауы бойынша міндеті туралы;
- 3) DMA-клиентінің Бирданың сауда-саттық жүйесінде мәміле жасау шарттары мен тәртібі және оларды орындауға сұрақтарын реттейтін, Қазақстан Республикасы заңнамасы және Биржаның ішкі құжаттарының, ең алдымен тікелей кіру рұқсаттамасын беру, бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмысы, кәсіби этика және іскерлік мәдениет сұрақтарына қатысты Биржаның ішкі құжаттарының мазмұнын білуі қажеттілігі туралы [*\(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген\)*](#);

DMA-клиентінің Биржаның және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының өзге де субъектілерінің комиссиялық және басқа да алымдарының мөлшерін, сондай-ақ қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемдерінің мөлшерін білу қажеттілігі туралы;

- 4) DMA-клиентінің, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзуға, сондай-ақ іскерлік айналым дәстүрінен ауытқуға әкеп соқтыратын, клиенттік тапсырыстарын қалыптастыруға және беруге және қандай да бір әрекеттерді іске асыруға тыйым салынатыны туралы;
- 5) DMA жүйесінде және/немесе Биржаның сауда-саттық жүйесінде DMA-клиентіне қатысты орнатылатын (орнатылған) шектелімдер, құқықтар, тыйымдар, шектеулер, айрықша шарттар туралы, осындай шектелімдердің мәндері туралы;
- 6) Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға DMA-клиентінің өтінімдерін (DMA-клиентінің рұқсаты, ниеті немесе келісімінсіз, Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес) жою мүмкіншілігі туралы;
- 7) Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға DMA-клиентінің өтінімдерін (DMA-клиентінің рұқсаты, ниеті немесе келісімінсіз, Биржа мүшесінің ішкі құжаттарына сәйкес⁷) жою шарттары мен тәртібі туралы;
- 8) Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелердің орындалмау мүмкіншілігі туралы;
- 9) Биржа мүшесінің, Биржаның және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының мыналарға жүргізетін мониторингі туралы:

DMA жүйесін пайдаланумен қалыптастырылған, клиенттік тапсырыстар;

Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасауға DMA-клиентінің өтінімдері;

Биржа мүшесі DMA жүйесі арқылы алған және тіркеген DMA-клиентінің клиенттік тапсырысы негізінде DMA жүйесімен қалыптастырылған, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелері;

⁷ Мысалы, мәмілені жасау Қазақстан Республикасы заңнамасын және Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзушылыққа алып келуіне немесе алып келуі мүмкіншілігі бар деп ойлауға Биржа мүшесінің негіздері болған жағдайда.

- 10) DMA-клиентінің мәмілелер жасау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартылу мүмкіншілігі туралы;
- 11) DMA-клиентінің тікелей кіру рұқсаттамасын басқа тұлғаларға беруіне және DMA-клиентінің басқа тұлғаларға тікелей кіру рұқсаттамасын беруіне тыйым салынуы туралы;
- 12) DMA-клиентінің DMA жүйесіне кіру рұқсаттамасын уақытша тоқтату, қайта беру, тоқтату шарттары мен тәртібі туралы нормалар болуы тиіс.

Президент

А.М. Жолдасбеков